ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2026 жылғы 20 сәуір №5265-26-00-2/1221 іс Шымкент қаласы

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.К.Кенжебаева оңайлатылған тәртіппен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Бас қолбасшылығы» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Мырзалиева Гульзат Осералиевна

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. тауарды жаңа тауарға ауыстыру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 223-226,267-4 баптарын басшылыққа ала отырып,**сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Бас қолбасшылығы» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер Мырзалиева Гульзат Осералиевна мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану және тауарды жаңа тауарға ауыстыру туралы талап қоюы ішінара қанағаттандырылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Мырзалиева Гульзат Осералиевна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Мырзалиева Гульзат Осералиевна кондиционер (сплит-жүйе) тауарды жаңа тауарға ауыстыру міндеттелсін.

Қалған бөлігі қанағаттандырудан бас тартылсын.

Жауапкер жеке кәсіпкер Мырзалиева Гульзат Осералиевнадан мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж 4 325 (төрт мың үш жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Дата: 01.06.2026 12:20. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда - сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Шымкент қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхатты келтіруге ерікті.

Судья **Ж.К.Кенжебаева**

Құжатқа қол қойылған: Кенжебаева Ж. К., 20.04.2026

Заңды күшіне енген күні: 27.05.2026, судья Кенжебаева Ж. К., 01.06.2026
Дата: 01.06.2026 12:20. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ - Сот өндірісі - ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК» - Судопроизводство -

Подписано
01.06.2026 10:01 Нашенов Талгат Асубайевич

Дата: 01.06.2026 12:20. Копия электронного документа. Версия СЭД: Documentolog 7.22.2. Положительный результат проверки ЭЦП